

Ескірмеген естелік

Сонау 70-ші жылдар. Мектеп бітірген соң оқу іздеп Алматыны жағалай бастаған кезіміз. Бірде тұрып жатқан пәтерімізге үлкен ағам Болат орта бойлы, маңдайы көре қарыс, екі көзі дөп-дөңгелек, әдеміше бір жігітті ертіп келді. Кейінірек оның ағаммен бірге Ақтоғайдың аудандық газетінде бірге қызметтес болғанын, өзі ақын жігіт екенін білдім.

Жас кезімізде шалықтап бәріміз де өлең жаздық қой. Сол кездері газет-журналдардан бір түспей, тіпті, оқулықтарымызға дейін ойып тұрып орнығып алған Сәбит, Тайыр, Ғали мен Қасымды ертегінің адамдарындай елестетіп, пір тұтып жүрген кездеріміз. Алматыға алғаш барған кезімде жазушылар үйін торуылдап жүріп, алыстан «алып тұлға байсалды» Сәбит Мұқановты кезім шалып қалып, жүрегім жарылып кете жаздағыны есімде.

Мектепті Қарағанды қаласынан бітірдім. «Он шошқаға тоймағандардың» ұйысқан қаласы. Содан ба, ол жерден де жарытып жыршы көрмеппін. Одан кейін оқуға сырттай түсіп, ауылдағы жасы келіп қалған өкемнің жанында біраз болып, қолғабыс тигізгенім бар. Шет ауданының «Босаға» деген совхозы. Ол ауылдың жастары төбелесте алдарына жан салмайтын, күреске де керемет. Бірақ, өлең жазған өлерменді ол жерден де кезіктіргем жоқ. Айтпақшы, кезіктіргем екен ғой...

«Босаға» совхозын сол кезде Кәріғұл Айқынбеков деген сөзге аса ділмар, жұртты қалжыңмен-ақ қатырып ұстайтын бір ғажап адам басқарды. Неге екенін білмеймін, ол сол кездегі «Бобик» машинасын қаңтарып қойып, ылғи салт атпен малшыларды аралап жүретін. Сол кісі бірде есепші-ішетауат па екен, Қызылбаев деген бір кісімен бірге біздің үйге келіп түсті. Бір қызығы ол кісіні жұрттың бәрі осылай тегімен атайтын.

– Жәке, «Қарагер қартайғанда жорға шықты» дегендей, мына құрдасыңыз ақын болайын деп тұр,-деді Көрекең өкеме қарап бір күліп алып.

– Қалай,-десіп бәріміз де өлеңдесіп қалдық.

– Анау малдәргер Мінтаев екеуі далада келе жатып қасқыр көрмей ме,-деді ол өңгімесін жалғастырып,- сонда бұл сол жерде шабыты келіп былай деп өлеңді төгіп-төгіп жіберіпті:

Қар жауар қара жерге қатыр-қатыр,
Жігіті біздің ауыл бәрі батыр,
Қасеке, қайда барып құтыласың,
Артыңда Мінтаев келе жатыр...

Отырғандар қыран күлкі... Ал Қызылбаев көкеміздің осы тақылеттес пошымы бөлек өлеңдері аулымыздың адамдарының көңілін бір көтеріп тастайтын...

Ал мына жігіт сияқты нағыз тірі ақынды кездестіруім бірінші рет. Көз алмай сұқтана қарап отырмын. Сөзі де, езі де басқалардан бөлек. Қарға құсап қарқылдап не ыңыранып ырқылдап күлу деген жоқ. Бетін шұқырайтып, дыбысын оңша шығармай, әдемі ғана күледі. Ал одан қаттырақ күлсе жас балаға ұқсап білегімен аузын көлегейлейтін әдеті бар екен. Француздар секілді «Р» қарпіне тілі келіңкіремей ме қалай. Кейін тіпті, анық байқадық, қарта ойнаса «Кәдір



ша неге жалпақтайсың оған» дегендей жалған жанашырлықтың жулығын шығарды. Ақын ағамыздың онсыз да дөп-дөңгелек екі көзі қосауыз мылтықтың ұңғысына айналып жүре берсін. Беті өлем-тапырақ.

– Сен білесің бе,-деді сонсын тұтығыңқырап,- біз бүкіл отбасымызбен Серіктің аяғын жуған суға да жарамаймыз. Сөйтті де тұрып жүре берді. Дәуағам төбемізден талай найзағай ойнатып, жасын түсірді ғой. Бірақ дәл сол жолғыдай таусылғанын бірінші рет көрдім.

– Менің пірім – Сүйінбай деп Жамбыл жарықтық айтпақшы, менің пірім –Дәуітәлі, Дәуітәлі Стамбеков,-деп тебіренеді Серік болса,- Дәуітәлідей алдында адуынды ағасы болмаса, Серік Ақсұңқарұлы деген ақын да болмас еді,-деп ағынан жарылады сонсоң. Атас зарядтар тебіседі, дейді ғой. Ал бұлардың достығы өмірдің де, физиканың да заңына бағынбайтын секілді. Көп нәрсеге өздері де бас ие бермейтін, екеуінің де «қарағайдың қарсы біткен» бұтағы екені де рас енді.

Өздері демекші, үшінші достары Абзал Бекеновтің болмыс – бітімі бұлардан өзгешелеу. Ол бір өз арнасымен есіле ағып жатқан Есіл

болып отыр. Құда болған да кәдімгі бауыздау құда. Мына құданың құдіретіне қараңыз, Нұрат деген ұлының таңдауы Дәуітәлінің Назым деген қызына түскен ғой. Несекөң қазақы салт-дәстүрдің қаспағын қырып, қаймағын ішкен ортадан шыққан көргенді адам. Алдымен бар жора-жолғысын жасап, Фарида жеңгемізге ат арытып арнайы барып, қыздарына кәдімгідей құда түсіп, сырға тақты. Одан кейін Астананың төріндегі «Жеті қазына» деген мейрамханада дүрілдетіп тойын өткізді. Қазір ол екеуміз бір-бірімізді «құда» деп қоқитып қоятынымыз бар. Сөйтін, бүкіл курс болып өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанғандай болып бір асып-тасыған қуанышқа көнелген едік сол күні.

Жақында Несекөң Дәукең тірі болса тура 70-ке толатын күні Астанада бәріміздің басымызды қосып, арнайы бильярд жарысын өткізіп құдасының мерейтойын өзі бастап берді. Бұл бір жағынан арғымақ ақындардың бір-біріне деген құрметі де болса керек. Екінші жағынан «Назым қызымыз жаман келін болмаған-ау» деп жорып біз де бір көтеріліп қалдық. «Назым келінім өперді» деп бильярдқа бір өп-әдемі кий өкеліп жүретіні тағы бар. Жалпы осы қызының

ҚАЙРАН ДА МЕНІҢ ДӘУАҒАМ...

Күнде «Думан» «Қаракөз»,
Жүрген жерің-ау!
Дәуағамның ақындығының алғашқы «қызы-

атын Дәукең өзі қойып еді. «Русланымнан айрылып, құдайға наз қылып жүргенде туған

